

Кендерге және құрамында кемінде 45 мас. % қорғасын бар қорғасын концентратына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 31 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. ЕАЭО СЭК ТН 2607 00 000 1 кодымен жіктелетін кендерге және құрамында кемінде 45 мас. % қорғасын бар қорғасын концентратына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі 2015 жылғы 25 мамыр - 2017 жылғы 24 мамыр аралығында кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) 6С ескертуі мынадай редакцияда жазылсын:

"6С) Кедендік әкелу бажының кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі мөлшерлемесі 2015 жылғы 25 мамыр - 2017 жылғы 24 мамыр аралығында қолданылады .".

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко